

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Егер бір сөйлемде тырнақшаны екі рет қолдану керек болса, оны қосқылып жазған (“ ”, 『 』), ал ішіндегісін жеке леп жазған (“ ”, 「 」).

Көп нүкте қытай тілінде қосарланып жазылады, яғни, қазақ тілінде көп нүкте орнына үш нүкте қойса, қытай тілінде алты нүкте қойылады(.....). Және де оны төменгі жерде емес, ортасына жазады.

Қытай тілінің жақшаларының да түр-түрі бар. Жай жақша да (()), мәнерлі жақшалар да кездеседі ([], { }, 【 】 , 『 』 және тағы басқалары).

Үтір сияқты, қытай тілінде сызықшаның екі түрі бар: жай (—) және созылған (——). Жай сызықшаны қолдану қазақ тіліндегі дефисті қолданумен ұқсайды. Ал, созылған сызықша жазылғанда екі сызықшаны жазумен теңеседі, және оның қолданылуының да өзіндік ерекшеліктері бар, мысалы, қытай тілінде созылған сызықшаны жақша орнына және дыбысты созуды көрсету үшін қолданылады.

Кітап атауы үшін қолданылатын тырнақшалар (《 》 , 〈 〉). Бұл тырнақшалар басқа тырнақшалар сияқты емес, иероглифтың биіктігімен бірдей жазылады. Олар арнайы кітап атауы, құжаттар және мақалалар атаулары үшін қолданылады.

Орта нүкте (•). Түрі бойынша кәдімгі майлы нүкте ғана сияқты, бірақ ол астында қойылып емес, бір белгінің орнына ортасына қойылып жазылады. Орта нүкте екі жағдайда пайдаланылады: а) уақытты жазған кезде ай мен күнді айыру үшін арасына қойылады; б) шетелдіктер үшін ата тегі мен әкесінің атын жазғанда арасы ажырату үшін жазылады.

Бөлу белгісі (•). Кәдімгі нүкте сияқты жазылады. Бұл белгі мәтіндегі бір фрагменттің астын сызу үшін пайдаланылады.

Қайталау белгісі (々). Сыртқы түріне қарасаң, «мүйіз» иероглифын еске аласың. Мәтінде қайталау белгісі қайталанатын иероглиф орнына жазылады.[1.182]

Міне, осы мақаладан қытай және қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің арасында аса қатты айырмашылық жоқ екенін көруге болады. Бұл мақалада жазылған ақпараттар болашақта қытай тілін үйреніп жүрген оқушы көмегі тиеді деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. В.И., «Грамматика китайского языка», 1982
2. Ван Ляо И, «Основы китайской грамматики», 1954
3. Наиболее распространенные китайские символы в порядке убывания частоты
4. Китайское письмо, 1975

ӘОЖ 316.3[574+510]

ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Тойбол Қарақат

Karakat822@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Филология факультеті қытай филологиясы кафедрасының оқытушысы, Астана, Қазақстан

Қоғам - жалпы мағынасында, мәдениеті ортақ, белгілі бір аумақта тұратын және өздерін біртұтас, өзгеше бірлестік деп білетін адамдар тобы; тар мағынасында бұрыннан немесе жақсы танымал ұлттық бірлестік. Бұл ұғым әлеуметтанудағы ең маңызды ұғымдардың бірі болып табылатындығына қарамстан, оны қолдану әсіресе оның екінші өзіндік отбасылық, экономикалық және саяси институттары мен анық шекаралары бар әйгілі ұлттық мемлекеттерге қолданыла алатын мағынасында пайдалану бірқатар қиындықтар мен кикілжіңдер туғызып отыр.

Қоғамдық мәселе - бүкіл қоғам зерттеушілерінің талқылауындағы маңызды мазмұн, қоғамдағы байланыстың жүйсізденуі, қоғамдық тәртіптің бұзылуы, қоғамның дамуына кері

әсер ететін барлық мәселелер жатады. Ол тек объективті түрде сақталып отырған жағдай ғана емес, сонымен қатар адам санасына байланысты пайда болатын құбылыс; адамдар тарапынан шешуді талап ететін мәселелер болып табылады.

Қоғамның дамуына ілесіп, қоғамда адамды ойландыратын көптеген мәселелер туындап отыр. Қоғамдық мәселелер әр дәуірде әртүрлі болып келеді, қазіргі заманда, бүкіл әлемді ойдандыратын мәселелер қатарында: адам санының артуы, қоршаған ортаның ластануы, еңбек күшінің азаюы мәселесі, жастар арасында қылмыстық іс-әрекеттің көбеюі т.б. мәселелер бар. Бұл мақалада Қазақстан мен Қытайдағы сақталып отырған кейбір мәселелер баяндалады.

Адамдар арасындағы қоғамдық байланыс жүйелі болғанда ғана қоғам дамиды. Егер осы жүйе, тәртіп бұзылатын болса, онда қоғамда түрлі мәселелер пайда болады. Бұл қоғамдық мәселелер әр дәуірде әр түрлі болады. Қазақстан мен Қытайдағы келелеі қоғамдық мәселелер:

1. Мемлекеттегі жан саны

Қазақстан халықтары - тарихи тағдыр ортақтастығы [қазақ](#) ұлтымен біріктірген [Республиканың](#) барлық ұлттарының азаматтары Қазақстанның біртұтас халқын құрайды, бұл халық Қазақстан Республикасындағы егемендіктің бірден-бір иесі және мемлекеттік биліктің кайнар көзі болып табылады. Қазақстанда байырғы қазақ ұлты және 130-дан астам ұлт пен ұлыстың өкілі (этностар) тұрады. Қазақтардың саны [2015 жылғы](#) статистикалық мәлімет бойынша 17 млн. 400 мың адамға жеткен, яғни ел халқының 65,2%-ын құрайды. Қазақтардың ата-бабалары қазіргі Қазақстанның аумағында біздің заманымызға дейінгі [1 ғасырда](#) қоныстанған. [XV ғасырдың](#) ортасында олар жеке этностық топ ретінде қалыптасып, [XVI ғасырдың](#) ортасында біртұтас [хандық](#) (мемлекет) құрды. Әлем халықтары арасында саны жағынан қазақтар 70-орын алады. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан кейін, Қазақстан халқының саны өте аз болды, тіпті мемлекет болып құрылу үшін қажетті жан санына да жетпеді, мемлекеттің жан санын көбейту мақсатында Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бүкіл әлемге шетелдегі қандастарды тарихи отаны Қазақстанға оралуға шақырды, Қазақстан республикасы Елбасының осы ізгі саясаты нәтижесінде, мемлекет тәуелсіздік алғаннан қазірге дейін тарихи Қытай, Моңғолия, Өзбекстан, Ресей т.б. елдердегі қазақтардың жаппай көшіп келуіне байланысты Қазақстан халқы көрнекті түрде арта түсті.

Қытай Халық Республикасы (中华人民共和国 Zhōnghuá Rénmín Gònghéguó) - [Азия](#) құрылығында орналасқан мемлекет. Халық саны бойынша, әлемдегі 1-ші мемлекет, 1,3 млрд-тан астам халқы бар мемлекет. Халық көпшілігі - этникалық қытайлықтар, өз атауы - хән. Қытай үкіметі халық санын теңшеу мақсатында 1979 жылдан бері жоспарлы туу саясатын жолға қойды. Бұл заң «аз балалы болу, сапалы балалы болу, кешігіп балалы болу» бағытында жүрді. Қытайдағы ханзу отбасына тек қана бір балалы болу, ал аз ұлттарға екі балалы болу керек. Балаң одан артық болса, онда жұмысыңнан, үйіңнен айрылуың мүмкін болды. Бұл заң мемлекеттің негізгі саясатына айналды. Ол кезде қытайдың 82 пайызы ауыл-қыстақта тұратын. Көбі көне дәстүр бойынша ұлды ғана ұрпаққа санап, қызды жат жұрттық ретінде қарайды да, бала көтерген әйел алдымен УЗИ аппаратына түсіп, ұл немесе қыз екенін анықтатады. Қыз болса аборт жасатады. 30 жылдан бергі үзбей жасалған осындай саясаттан соң қазір Қытайда «еркек дағдарысы» айқын белең алды. Бір жарым миллиард қытайда жылына 16 миллион бала дүние есігін ашса, соның 65 пайыздан астамы – ұл бала. Ресми мәліметтерге қарағанда, Қытайда қазір 20-30 жас аралығындағы үйленетін жасқа жеткен еркектер 31 миллионнан асқан [1]. Бұл – бастапқы толқын. Ал екінші, үшінші буын қосылғанда бұл алапат қауымға айналып, енді 20 жылда Қытайда қыз жетпейтін ерлер саны 70 миллионнан асып жығылады деп межелейді. Қытай үкіметі үшін қазіргі таңда бұл да бір шешуді қажет ететін мәселелер қатарында тұр, қытай үкіметі кәзір осы мәселені шешу үшін шетел азаматтығын, басқа мемлекеттің қызын алған өз азаматтарына экономикалық көмек беру саясатын жолға қойып отыр.

2. Экологиялық ортаның ластануы

Қоршаған ортаның ластануы – адамға және табиғи [экожүйеге](#) зиянды әсер ететін физикалық-химиялық және биологиялық заттардың қоршаған ортаға нұқсан келтіруі. Табиғат құбылыстары мен заңдылықтарына қайшы келетін және оның қалыпты жағдайына нұқсан келтіретін сандық, сапалық және құрамдық өзгерістердің барлығы қоршаған ортаның ластануына алып келеді. [Қоршаған ортаның](#) ластануы кейде табиғат құбылыстары әсерінен, негізінен адам әрекетінен пайда болады. Қоршаған ортаның ластануы табиғи және [антропогендік](#) болып бөлінеді. Табиғи ластану күшті табиғи процестер салдарынан мысалы [жанартау](#) атқылауы, [сел](#) жүру, [топан су](#) басу, [өрт](#), т.б., антропогендік ластану адамның шаруашылық іс-әрекетінің салдарынан қалыптасады. Антропогендік ластануға өндірістік, тұрмыстық қалдықтар мен әр түрлі улы заттардың қоршаған ортаға белгілі мөлшерден тыс шығарылуы, табиғи нысандарды орынсыз пайдалану жатады. [Семей сынақ алаңында](#) болған ядролық жарылыстар, [Арал](#) өңірінің экологиялық жағдайлары (қ. Арал экологиясы) т.б. қоршаған ортаға нұқсан келтірудің айқын мысалы болып саналады.

Қазірде электромагнитті өрістердегі ионданбайтын сәуле шығарулар адамзаттың қоршаған экологиясында өте көкейкесті сұрақтардың біріне айналды, әсіресе бұл жерде қазіргі тұрмыстық техника, ұялы телефондар, плеер, компьютер сияқты құралдардың әлсіз және аса әлсіз электромагниттік өрістерді шығаратындығын ескеру қажет. Осы мәселеледі шешу үшін мемлекет түрлі амалдар қолдануда.

Қытай - әлемдегі ең тығыз қоныстанған ел. Қоршаған ортаны қорғау мәселелері Қытай үшін өте маңызды болып табылады. Экономикасы өскен сайын экологиясы нашарлай түскен Қытайдың көптеген қалаларын жиі-жиі түгін тұмшалайды. Соңғы онжылдықта үздіксіз дамыған бұл ел өнеркәсіпті өркендете отырып, қоршаған ортаға зиян тигізбеудің амалдарын қарастырып жатыр. Бүкілқытайлық сессияда қабылданған жаңа заң бойынша экологияны шектен тыс ластаған зауыттарға күнделікті айыппұл салынады немесе жұмысы тоқтатылады. Заң бұзғандарды «қара тізімге» алынатын болады. Қытай жылына 4 млрд тонна көмір пайдаланады. Металлургия, химия өнеркәсібі сияқты ірі өндіріс орындары көп көмір жағып, қоршаған ортаны қатты ластайды. Сондықтан Қытай біртіндеп көмір отынын азайтып, оның орнын табиғи газға алмастырмақ.

3. Жұмыссыздық

Жұмыссыздық – елдегі [еңбекке](#) қабілетті тұрғындардың бір бөлігі өзіне пайдалы еңбекпен айналысатын кәсіп таба алмай дағдаратын әлеуметтік-экономикалық [құбылыс](#). [Экономикалық](#) әдебиеттерде кез келген қоғамдағы жұмыссыздық құбылыстары сипатына байланысты фрикциялық жұмыссыздық, құрылымдық жұмыссыздық, циклдік Жұмыссыздық болып ажыратылады. Жұмыссыздық әлемдегі орталық проблемалардың бірі болып табылады. Және де ол бір жүйеден екіншісіне өтетін елдерде кең байқалады.

Мысалға мұндай процес Қазақстанда жүріп жатыр. Ол өзімен бірге бірқатар жаңа проблемаларды алып келеді. Сонымен қатар жұмыссыздық проблемасы адамдармен тығыз-байланысты және соларға тікелей әсер етеді. Жұмысынан айрылу олардың табысының азаюына, өмір сүру деңгейінің төмендеуіне, сонымен қатар психологиялық стреске алып келеді. Осы себепті көптеген саясат адамдары өзінің сайлауалды компанияларында жұмыс орындарын жасауға көп көңіл бөледі.

Жұмыссыздықты зерттеу олардың пайда болу себептерін анықтайды, мемлекеттің тарапынан шараларды анықтайды. Бірақ сонымен қатар көптеген экономистердің ойынша жұмыссыздық қажет нәрсе, оны зұлымдық ретінде қарастыруға болмайды.

Жұмыссыздықпен күресу үшін Қазақстанда жұмысшыларды мемлекеттен тыс әдіспен орналастыру, жұмыссыздық әсерін төмендету, жұмыс орындарын ашу т.б. стратегияларды қолданып отыр. Бүгін елімізде жастардың жұмыссыздығы орын алып отыр. Жастар арасындағы жұмыссыздықтың ғалами деңгейі 12,7%-ды құрады, дүние жүзіндегі жұмыссыз жастар саны 4 млн адамға артқан. Еліміздегі жағдай әлдеқайда жақсы. 2012 жылдың 4 тоқсанындағы жұмыссыздық деңгейі 5,4 %-ды, жастар арасындағы - 3,9%-ды құраған. Қазақстандық жастарды еңбекпен қамту мәселелері жұмыспен қамту-2020 бағдарламасы

шеңберінде шешілу үстінде [2, 4]. «Жастарды еңбекпен қамтуға Жұмыспен қамту-2020 бағдарламасында ерекше көңіл бөлінеді. Бағдарламаның шамамен 60% қатысушылары - бұл жастар.

Қытайда жұмыссыздық өте ауыр дәрежедегі мәселелердің бірі. Қытайда жылына жоғары оқу орындарын бітіретін студенттер саны шамамен 6 миллионнан астам, ал бос орындар саны шектеулі болғандықтан, жоғары оқу орнын бітірген жастардың тек үштен біріне ғана жұмыс табылады, ал қалғаны жұмыссыз қалуда. Оның үстіне соңғы бірнеше жылдағы қаржы дағдарысына байланысты, Қытайдағы көптеген жеке кәсіпорындар жабылуда, осылайша жұмыс көздері күн санап қысқаруда. Бұл жұмыссыздық деңгейін тіпті де ұлғайтты. Қытай үкіметі жастардың жұмыссыздық деңгейін азайту үшін түрлі амалдар ойластыруда.

Жоғарыда айтылған мәселелерден басқа, Қазақстан мен Қытайда сақталып отырған қоғамдық мәселелер өте көп, мысалы, зат бағасының қымбаттауы, жастар арасындағы қылмыстың көбеюі, қатынас апаттарының көбеюі т.б. мәселелер сақталуда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. www.baidu.com
2. «Егемен қазақстан» газеті 2012жылы 19 сәуір.

УДК 633.72+008 (510)

ЧАЙ, КАК ЧИСТО КИТАЙСКИЙ ФЕНОМЕН

Тукешева Аружан Кулахметовна

aruzhan.tukesheva@mail.ru

Студентка 1 курса специальности «Иностранная филология: китайский язык» 5B021000

ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель: Аксёнова И.Н.

О существовании необычайного напитка чая знают многие народы стран. А об истории возникновения и его развитии уходишь в глубокое раздумье. Познать неопознанное всегда возможно, для этого нужно промотать время на многие века назад. И вот начинается та эпоха, когда чай стал иметь значение не только материальной, но и духовной стороны культуры Китая.

История Китая - это история чая. Как говорил один мудрец: «У каждой династии свои правители и свои сановники, у каждой династии свои Святые, свой народ, своя культура и своя одежда» [1.58]. Поэтому культура чая в Китае также менялась со сменой династий.

Зародился чай в Древнем Китае более 5000 лет назад. И поэтому эта страна за Великой Китайской стеной хранит все тайны данного напитка. С течением времени начали слагаться разные легенды о возникновении чая и чайного куста. Однажды император попробовал на вкус очередное растение и сильно отравился. Он поискал на земле лекарство и случайно заметил листья, облетевшие с кустов. Листья были ароматными, но горькими на вкус. Вскоре он почувствовал себя бодрым и полным сил. Позднее Шень Нун всегда использовал чайные листья как противоядие, которые жевал после всех испробованных им новых трав [2.30]. Другой является о том, что кустик чая вырос из брошенных на землю век одного китайского святого, который отрезал их после того, как заснул во время молитвы, и, разгневанный на самого себя, захотел, чтобы у него никогда не слипались глаза. До сих пор в китайском и японском языках для обозначения век и чая употребляют один и тот же иероглиф.